1962 жылдан шығармашылық жұмыста болды. Алғашқы өлеңдері баспасөзде 1950 жылдан жариялана бастады. Тырнақалды өлеңдер жинағы – «Шалқар теңіз» 1952 жылы жарық көрді. Кейін «Мен өмір сүремін» (1965), «Бейбітшілік көшесі» (1960), «Торанғы» (1965), «Оқ және гүл» (1967), «Дауылдан кейін тыныштық» (1970), «Көгілдір ымырт» (1972), «Бозторғай» (1973), «Күндер, күндер, күндерім» (1974), «Ескі паровоз» (1976), «Жаңа дала» (1979), «Сөнбейтін оттар» (1980), «Есіктің алды – көк терек» (1983), «Шынар» (1985), т.б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары, таңдамалылары басылды. Проза жанрында да қалам тартып, «Жастық кешуі» (1966), «Солдат сыры» (1968), «Фарида» (1978) атты әңгімелер мен повестер жинақтарын жариялады.

**ҚЫМЫЗ. Халдыхан Шұғыла**
Бұл қымыз бұрқыраған сабадағы,
Қашанда көңіл-күйін таба алады.
Күн шықты екі тастың арасынан...
Уа, шіркін, қазекеңнің таба наны!
Өзі де піскен екен дөңгеленіп,
Бір емес, жарықтықты он бөлелік.
«Ақаңды» сумаңдатпай қоя тұршы,
Алдымен карт қымызға жол берелік.
Бұл қымыз — беделі ғой даламыздың
Бұл қымыз — ескерткіші бабамыздың.
Тостағыңды толтырып құйшы, жаным,
Маужырап бойым балқып, жаңа қыздым.
Шаршауды, шалдығуды білгізбеген,

Ежелден жанға дауа қымыз деген.
Жағалап киіз үйді қымызқорлар
Бір емес, бұл қымызды мың іздеген.
Сағыныш ауыл жаққа шапқыласын,
Әмәнда, туған елді жат қылмасын.
Көрінді кең жайлауда киіз үйлер...
Мұндайда кім бұрмайды аттың басын?!

**Баяндама: Есіркеп Сезім «Әттең, тонның келтесі-ай!..»**

Әншейінде асылдарын ардақтап, арыстарын жоқтауға келгенде ешкімді алдына түсірмейтін бұл қазақтың кейде кежегесі кейін тартып, керенаулана қалатынына қарның ашады. Әйтпесе, көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған, тұтас бір дәуір ақындарының көшбасшысы болған көрнекті ақын Тоқаш Бердияров елеусіз қалар тұлға ма еді?! Бұл да бір қапы дүние..

Қазақ поэзиясына тың жаңалықтар алып келіп, мазмұн, форма жағынан қайта түлетіп жаңғыртқан, сөйтіп әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан кезінде әртүрлі себептермен өзіне лайық бағасын ала алмады. Кейін қайтыс болған соң да, керек десеңіз, күні бүгінге дейін оған жасаған ісіне тұрарлық жөнді құрмет көрсетілген жоқ. Сөздің шындығына көшсек, ақын Тоқаш Бердияровтың есімі қазақ поэзиясының актаңгерлері Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Өтежан Нұрғалиев секілді ақындармен қатар тұруы тиіс еді. Тіпті ол осы аты аталғаны бар, аталмағаны бар, өткен ғасырдың 1950-1970 жылдар кезеңіндегі барлық қазақ ақындарының ту ұстаушы ұстазы сияқты болатын.

Биыл өмірден өткеніне отыз жыл болатын, көзінің тірісінде-ақ «Тентек Тоқаш» атанып, өлең өлкесінде өзіндік олжа салған қазақ әдебиетінің классигі Тоқаш Бердияров туралы да осы пікірлерді айтуға әбден болар еді. Сонау қазан ернеуінен қарауыл қаратқан қиын заманда дүниеге келіп, қыңыр тағдырдың тауқыметін бір кісідей тартқан, бар мен жоқтың, әділдік пен әділетсіздіктің, жақсылық пен сатқындықтың қадірін жұдырықтай кезінен бастап жүрек сүзгісінен өткізіп ақындыққа келген ол әр туындысын өмірдің өзінен ойып алды. Өз басынан кешкендерді ғана өлеңге айналдырды, соны қағазға түсірді. Жазғандарына артық бояу қосып, жасанды суреттер мен образдарға бой алдырған жоқ. Сондықтан болар, Бердияров қаламынан туған «Шалқы, теңіз», «Бейбітшілік көшесі», «Оқ пен гүл», «Бозторғай», «Ескі паровоз», «Сөнбейтін оттар», «Күндер, күндер, күндерім», «Шынар» секілді өлең-поэмалары мен «Жастық кешуі», «Солдат сыры», «Фарида» секілді повесть-әңгімелері әр оқырманның жүрегінде алтын сиямен жазылған қолтаңба болып қалды.

Қалай дегенде, Тоқаш – тағдыры тәтті ақындардың қатарына жатпайды. Тоқаш өмірі – өкісігі көп өкінішті өмір. Ол бала кезінен-ақ мынау жалған дүниенің кермек дәмін көп татты. Тағдырдың жазуымен Ташкенттегі балалар үйіне түсіп, сонда тәрбиеленді. Он жетіге толар-толмаста соғысқа аттанды, толарсақтан қан кешті. Жеңісті фашизмнің ұясы Рейхстаг түбінде қарсы алған жауынгерді бірден елге қайтаруға үкімет асықпады, Балтық әскери-теңіз флотында қызметін жалғастыруға қалдырды. Сөйтіп ол сүңгуір қайықта әскери борышын өтеуге мәжбүр болды. Осылайша талай тауқыметті бастан кешірген теңізші алып-ұшып 1949 жылы елге оралғанда оны алдынан құрақ ұшып ешкімнің де қарсы алмағаны анық. Алматыда кім көрінгеннің босағасын жағалап, күн

көрісі аса келіспеді. Тіпті соғыстан қайтқан солдатта жататын жер де болмады. Алматының скверлері мен вокзалдарында қонып күн кешті. Ақынның:

Паспортымда аты жоқ,

Проспект, көшенің.

О, Алматы, сонда да

Үйімдейсің шешемнің, –

деп өлең жазатыны осы кез. Ол алдымен суретші болуды армандап, Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түсті. Бірақ, оны аяқтамай тастап кетті. Өйткені ол біржола ақындық жолға бет бұрған еді. Алайда тағдыр тауқыметі оны бұл жақта да өкшелегенін қоймады. Ә дегеннен-ақ алғашқы кітабы сын садағына ілікті. Талайды көрген Тоқаң оған мойымайды. Титтей кезінен-ақ жылағанды жұбатуға, панасызға қамқор болуға, әділетсіздіктен таяқ жегендерді арашалауға жаратылған ақын ақыры айтатынын айтып тынды. Сол үшін біреулерге жақпаған кезі көп болды. Өзгеге болысам деп жүріп, өзі де қиянаттың қамытын көп киді. Мұның бәрі жоғарыда біз көрсеткен еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Кейін жалақорлардың жаласынан Жазушылар одағынан шығарылды. Шамасы, ақын жолының мұншама ауыр болуына, сірә, оның бір қалыпқа сыймайтын әнтек мінезі кінәлі болса керек. Осынау келеңсіз оқиға оның әдебиеттегі бөлек орнына теріс әсерін тигізсе керек, дейді әдебиет зерттеушілері. Мүмкін. Дегенмен, бәлекорлардың бұл әрекеті де Тоқаңды сындыра алған жоқ. Одан кейін де ақын көптеген туындыларын өмірге әкелді.

Ол жырымен жұртын оятқан ақын. Сырын айтып жұртын мұңайтқан ақын. Өзінің кермек мұңын жырға қосып, қайғысын жақсы жырмен жеңіп жүруші еді. Өзінің жеке бас өмірін өнерге беріп, қиын да қызық тағдыр кешкен ақын. Ақынның тағдыры ешкімге ұқсамайды. Қайғысы мен қуанышын арқау еткен поэзиясы ешкімге ұқсамайды. Ол өзінің ауыр тағдырын мұңды лирикаға айналдыра жырлап өтті.

**Бозторғай. Базарбай Балсезім**

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап
Сандалып қой артында ерте-кештей

Қайырмасы:
А-ау, боз торғай
Шырылдайсың, шіркін-ай
Құтылар күн бар ма екен
Осы қойдан бір күні-ай

Отырсам қой күзетіп таң атпайды
Жүргенде малды жайып кеш батпайды
Қарайтын қабағыма бір адам жоқ
Бел шешіп төсегіме бір жатпаймын

Қайырмасы:




https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1616297819187258&id=100024211667947&mibextid=Nif5oz

№19 Бейімбет Майлин атындағы жалпы орта мектебі

# МЕН ОҚЫҒАН БІР ЕРТЕГІ

Сынып жетекші: Қарамырзаева Аякөз

Сынып:3ә

Тақырыбы: **«Мен оқыған бір ертегі»**

Мақсаты:

1) Оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру;

2) Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл - ой белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.

3. Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру - көрсету, сұрақ - жауап, баяндау, бақылау, дидактикалық, логикалық ойындар.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен, шармен безендірілген сахна, «Кітап қалай жасалды?», «Ертеге кейіпкерлері» тақырыбындағы слайд презентация, суреттер, «Ертегілер елінде» көрме, тапсырмалар берілген карточкалар, бейнетаспа.

**Амандасу.** Шаттық шеңбер:

Дөңгеленіп тұрайық
шеңберді біз құрайық
Қол ұстасып бәріміз
Ақ тілекті жолдайық
Әлемде нұр тыныштық
Әрбір бейбіт күн ыстық
Қайырлы таң балабақша
Қайырлы күн достарым
Достарымды көргенде
Қуана қарсы аламын
Сәлем! Сәлем! Сәлем!

Кітапханашы : Ата -аналар, қонақтар, оқушылар! Бүгінгі «Ертегілер еліне саяхатқа» қош келдіңіздер. Бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз.

«Кітап оқисың ба, жас дос?» сауалнама жүргіземіз.

1. Өзің сүйіп оқитын кітап?
2. Сенің жақсы көретін ертегің?
3. Ең алғаш оқыған кітабың?
4. Қай кітапты, ертегіні қайтадан оқыр едің?
5. Сенің сүйікті әдеби кейіпкерің?
6. Қазір қандай кітап оқып жатырсың?
7. Кітапханашы апайлардың аты кім?

«Кітап қалай жасалды?» тарихқа саяхат. Экранға назар аударыңыздар.

Әдеби монтаж «Ертегі сиқыры»

1-оқушы: Өткен күн таңтамаша ертегі ғой,
Айтады ертегі сыр, ертегі ой.
Ертегі айтса еліктіріп балалар,
Қиялға қызықтырып ертеді ғой.

2-оқушы: Ертегіде халықтың мұң-зары бар,
Орман, тау, өрмелейтін құздары бар.
Жамандықпен алысып, жауын жеңген
Халқымның ұлдары мен қыздары бар!

-оқушы: Жауларымен алысып жекелеген,
Батыр ма ел намысын өтемеген.
Ертегімен халқымыз ертеңіне
Ұрпағын қызықтырып жетелеген.
4-оқушы: Кел онда, ертегіні шертейік біз,
Қауымды мына келген ертейік біз.
"Ертегі еліне" бір саяхаттап,
Келгендерді соңымыздан ертейік біз.
Өте жақсы, балалар! Ендеше ертегілер елінің қақпасын ашайық! Бізді қандай ертегілер күтіп тұр екен.
Сайыс шарттары:
1. Миға шабуыл
2. Ерте, ерте, ертеде ертегілерден үзінді
3. Кейіпкерлерді қорғау
4. Үй тапсырмасы
5. Ертегі мен мультфильм
6. Суретпен жұмыс
7. Кімнің заты?
8. «Кітап нені сүйеді?»
1-тапсырма.
«Миға шабуыл» сұрақтар беріледі.
1. Ертегілер туралы кім не біледі?
2. Ертегілерде кімдер туралы, нелер туралы айтылады екен?
3. Ертегінің  қандай түрлері бар,?
4. Ертегі басталғанда қалай басталады?
Балалар, ертегілер — бұл қиял-ғажайып оқиғалар туралы әңгімелер. Ертегілердің түрлері көп. Хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, шыншыл ертегілер, аңыз-ертегілер болып бөлінеді. Сендер өздерің қандай ертегілер білесіңдер? Әжелерің ертегі айтады ма? Сендерге қандай ертегілер айтты? Қане, кім айтар екен?
"Ерте, ерте, ертеде Ешкі жүні бөртеде Қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен".
2-тапсырма: "Ерте, ерте, ертеде..." деп  ертегілерден үзінді оқылады. Бұл тапсырмада ертігінің аты, кейіпкерлері, ертегіде не туралы айтылады? Осы сұраққа жауап берсек "Ертегілер елінің" қақпасы ашылады.

3-тапсырма:  Балалар ертегілердің жағымды, жағымсыз кейіпкерлері болады. Жағымды кейіпкерлерді атайықшы, өте жақсы. Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаймыз? Келесі тапсырмада топ басшылары мына суреттердегі ертегі кейіпкерлері болып өзін-өзі қорғайды..
"Мақта қыз бен мысық "
Мақта қыз: Мен Мақта қыз үйімді тазаладым,
Сен, мысық, қайта-қайта мазамды алдың.
Қатық төктің, еңбекті қадірлемей,
Құйрығыңды жұлып ап жазаладым.
Мысық: Көзіме көрінбей тышқан,
Мен мысықпын іші пысқан.
Қатығыңды қайтардым төккен,
Қайырымды алдым көптен.

Ертегіде хан, қара батырлар да
Жүреді мендей қыздың ақылымен.
Толағай: Аптап ыстық кең даланы қуартқан,
Егін күйіп, бұлақтарды суалтқан,
Мен Толағай тау көтеріп ел үшін,
Жаңбыр әкеп, Отанымды қуанткам.
4 –тапсырма. Үй тапсырмасы.
Мәнеріне, дауыс ырғағына, актерлік шеберлікке назар аударылады.
5 тапсырма. Ертегілер елінен және мультьфильмдерден суреттер көрсетіледі.
6-тапсырма. Суреттер таңдап алады. Соған сәйкес ертегі құрастыру керек.
Көрермен көзайымы.
5 есекте неше құйрық бар?
· 2 иттің неше тұмсығы бар?
· үстел үстінде 3 алма мен 2 алмұрт тұр, барлығы канша жеміс тұр екен?
· үйректің 2 балапаны мен қаздың 2 балапаны суда жүзіп, шулап жүр. барлығы канша балапан жүзіп жүр?
Жарайсыңдар балалар, Машаның есептерін тамаша шештіңдер.
1. «Кімнің заты?» ойыны
1. Өзі тамақ пісіретін қазан- «Ұр, тоқпак!»
2. Алдайтын таяқ- «Алдар көсе»
3. Бағалы сақа- Алтын сака
4. Ұшатын кебіс –«Маленький Мук»
5. Көк есек пен, ескі шапан –«Қожанасыр»
6. Гауһар айна- «Ұйқыдағы ару»

Кітап нені сүйеді?
Ойын шартында мен сіздерге бірнеше нұсқаны айтам, келіссеңіздер шапалак ұрасыздар, келіспесеңіздер ұрмайсыздар.
-Қаптағанды
-лас қолмен ұстағанды
-қар мен жаңбырға тастағанды
- Аялап ұстағанды
-кітап сөрелерінде тұрғанды
-кітапқұмарларды
-еденде жатқанды
-құрметтегенді
-Жұмыртқа жаққанды
-төбелескенді
Қорытынды.
-Ертегі еліне саяхат жасау сендерге ұнады ма?
Ертегі біздің қиялымызға канат бітіреді екен, ертегі сендерді жамандықтан аулақ жүруге, жақсылық жасауға, адалдыққа үйретеді екен, олар керек кезде бір - біріне көмекке келеді; біріккеннің арқасында; достығының арқасында барлығында жеңіп шығады екен.
Олай болса әділқазылар мүшелерінің қорытындысын тыңдайық.
Жарайсыңдар балалар! Сендер жарадыңдар, барлық тасырманы да орындап, сайыс межесіне жетіп, жеңіп алған орындарыңыз құтты болсын!

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

# «Баланы жастан...»

Ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында өтілген тренинг сабақ.

Сынып: 4 «Б»

Сынып жетекші: Оразбаева А

Тәрбие түзелмей, білімге бетбұрыс оңалмайды

– Ата-ана әр баласын бір-бір тұлға ретінде қарау керек. Әрбірінің өз ерекшелігі болады. Бірі қырсық, бірі көнбіс келеді деген сияқты. Осы ерекшеліктеріне қарай бағыт-бағдар берген дұрыс. Мен әрдайым айналадағы жақсы адамдарды мысал етуді дағдыға айналдырдым. Мұндай «тәрбиелі», «сабырлы», «ұстамды», «артық істен шаруасы жоқ» деп үлгі еткен қызығушылықтар балаларымды ынталандырды. Алайда көршінің баласын мақтап, өз перзенттерімді төмендетуге барынша байқап қарауға тырыстым.

Қазіргі таңда, отбасындағы бірнеше баланың әлеуметтік жағдайын жасап, жұмысқа барып, жолдасының көңілін тауып, бәріне үлгеру оңай шаруа емес. Ол шыдамдылық, төзімділікті қажет етеді. Кейде санаға салмақ түсіп, әлсірейтін тұсың да болады. Осындай кезде де кішкентайлардан ақылы алып, оны ұрып, соғып тәрбиелемеуге күш салу әйелдің ақылдылығын, төзімін сынайды.

Тәрбие түзелмей, білім алуға бағыттау, оған дұрыс бетбұрыс жасау да оңайға соқпайды. «Білім мен тәрбие егіз» деген сөздің жаны бар. Оқушы ұл-қызды тәрбиелей отырып, білімнің болашағына қажеттілігін, болашақта жеке тұлға атануға дайын болуын әрдайым ұғындыру маңызды.

Өзгерген сана

Мұғалім: А.Оразбаева

– Баланы қандай жағдайда да ұруға болмайды. Біздің буын, бізге дейінгі үлкендер: «Біз «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген қатал ұстанымдағы тәртіппен өстік. Қамшыланған кездеріміз де болды. Одан жаман болған жоқпыз», – дегенді айтады. Өз басым оған түбегейлі қарсымын. Ондайда кішкентайдың жанына жара, санасына салмақ түседі. Кейін ата-анасына, қоғамға қарсы адам қалыптаса бастайды. Әр бала түрліше дамиды. Бірі ерте, бірі кеш. Сондай-ақ қабілеттері де әралуан келеді. Бір бала техниканы жақсы көрсе, екіншісі музыканы сүйеді, үшіншісі өздігінен білім алуға ұмтылса, тағы бірі спортты өмірінің мәніне балайды. Тек сол бейімділігін байқап, қызығушылығын арттыру керек.

Үйде отырғанда балаға барынша көңіл бөлуге, уақыт арнауға тырысу керек. Сәбилер мен жасөспірімдерді көбіне қызуқанды, өмірге өкпелі, өзі де сондай әрекетпен өскен адам ғана ұрады. Кейде өзі жетпеген, қызыққан дүниеге баласын мәжбүрлейтін жағдай да кездеседі. Бұл – үлкен қателік.

Қазіргі кезде «бала психикасы өзгерді, бала әлсіз» деген сыңаржақ пікірлерді жиі естіп жатамыз. Бейімділік қай кезде де болады. Бала да, заман да өзгерген жоқ, өзгерген сана. Сананы өзгертетін өзіміз. Телефонға тәуелділікті өзіміз тудырамыз. Мәселен, әртүрлі «Адам, қала, жануар», «Қуыршақ», «Санамақ» сынды ойындар ойнатуға, ертегі айтып, оқып беруге болады. Оған көп ата-анада уақыт жоқ. Жұмыста болады. Оқушылар қосымша үйірме, сабақтарға барады.

Бүгінде әлеуметтік желіні дұрыс бағытта пайдалануды дағдыландырудың да қажеттілігі туындап отыр. Түсінбеген тақырыптарды толықтыруға таптырмас құрал. Бала өзі қараусыз қалғанда, еңбекке тартылмағанда телефонға әуестене бастайды. Өзім балаларымды барынша қарауға, жұмысқа шықпай, бастауыш сыныпта біліміне күш салуға тырыстым. Дидактикалық қосымша құралдар сатып алдым. Телефондарына қарағанда, үнемі назар аударып, қадағалап отырамыз.

Қателікті қоғамнан емес, өзімізден іздеген жөн

А.Құдайбергенова психолог:

– Қай кезде де қоғам үшін отбасының құрамдас бөлігіне баланатын бала тәрбиесіне назар аудару – басты міндеттердің бірі. Отбасыда берілген тәрбие негізгі, басты тәрбие саналады. Ол өскіннің өміріне үлкен септігін тигізеді. Бұл орайда ата-ана жіберіп жүрген қателіктер көп. Шаңырақ үшін бала – үлкен байлық сондай-ақ сынақ. Дұрыс тәрбие беруге ұмтылып, уақытында ден қою міндет.

Ата-ана бала үшін айна. Үлкендер қандай бағытқа жетелесе, кішілер де солай етеді. Әркім бала жіберген қателікті көпшілік қоғамнан іздемей, өздерінен табуы керек. Дұрыс мақсат қоюды үйрету, жауапкершілікті жастайынан сезіндіру, өзін тәрбиелеуге ұмтылдыру жан-жақты дамыған кемел азамат атануына бастау болады.

Бала әдетте сезімтал, байқампаз келеді. Олардың қойған сұрағына дұрыс, дер кезінде жауап беру арқылы да ой-өрісін ұштауға болады. Сонымен бірге жасынан артық талап қойып, оның әрекеттеріне немқұрайлық таныту да құрдымға жетелеуге жол ашады.

Баланың тілегін орындаудың да өлшемін сезінген дұрыс. Ондайда шамадан тыс жағдайға тосқауыл қойып, ынталандыру қажет.

Қазір мектеп бағдарламасы да күрделі, бала тәрбиесі де оңай емес. Алайда қателікпен жұмыс жасап, қиындықты бірге еңсеріп, әрқашан балаға қолдау білдірген ата-ана, сөзсіз, өз ісінің жемісін көре алады. Мәселен, баланың тапсырмасын «кітап оқимыз» деп емес, «мына мәтінде қанша «А» әріпі барын тауып, ойнайық» деп ойынға айналдырсақ, сабақты қалай меңгергенін байқамай қалады.

«Баланы – жастан» деген тіркес таяқтау, оған қысым көрсету емес, тәрбиесін уыстан шығармау дегенге меңзейді. Өз ертеңіміздің жарқын болғанын қаласақ, бала тәрбиесінде осалдық танытпағанымыз жөн.







Түркістан облысы. Келес ауданы.

№19 Б. Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

18-23 қаңтар аралығында 4 – ші сыныптар арасында

« Қалдықтарды табысқа айналдырайық» ( «Еңбегі адал жас өрен» жобасы) атты сыныптан тыс іс-шара болып өтті.

**Ұйымдастырушы:** Бастауыш сынып мұғалімі:

Харжауова А.И.

2023-2024 оқу жылы

№ 19 Б. Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сыныптар арасында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» атты сыныптан тыс іс-шара болып өтті.

**Мақсаты:** Оқушыларды заттардың қалдықтарынан пайдалы бұйым жасауға болатынын көрсете отырып,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. Технологиялық цифрлық дағдыларды дамыту.

Біз қатты тұрмыстық қалдықты қоқыс десек,дамыған елдер оны «байлық» деп бағалайды. Мысалы: Швейцарияда қоқысполигоны жоқ. Мұндағы қалдықтардың 99 пайызы қайта өңделеді. Ал Германия тұрмыстық қалдықтардың 68 пайызын өңдеп, оны жыл сайын 50млрд еуро көлеміндегі табысқа айналдырады. «Қазақстан - 2030» стратегиясында Елбасы Сингапурге ұқсауды меже етін қойды. Сол елдегі энергия қуатының үш пайызы осы қалдықтардан алынады.

Тұрмыстық қалдықтарға қатысты мәселелер еліміздегі заңнамаларға, соның ішінде Экологиялық кодекске өзгертулер енгізу қажеттігін тудырды.

Мұнда оқушылар белсенді қатысты. Барлығы қызыға оырып,.қалдық заттардан пайдалы бұйымдар жасады.






Түркістан облысы, Келес ауданы

№ 19. Б. Майлин атындағы жалпы орта мектебі.

# Құмар ойындар-тәуелділік құқпаны

Сыныптар: 1-4

Орындаған: Информатика пән мұғалімдері

**« Құмар ойындар –тәуелдік құқпаны» Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін.**

**Құмар ойындарының шырмауына түсіп,**

пациентер қайтадан өмір сүруге икемделеді. Егер адам емдеудің толық курсынан өткен болса, онда қайталанулар 10%-дан аспайды. Бұл тек адам ұсыныстарды орындауды тоқтатқан жағдайда ғана орын алады. Әрбір қадамды ғана емес, тәуелділіктен арылуға тырысатын адамға қалған өмірін де талдауға тура келеді. Әйтпесе, тәуелділіктен құтылу мүмкін емес. Ең бастысы, айналаңыздан көмек сұраудан тартынбау», – деп түйіндеді Альмира **отбасының шырқын бұзғандар саны көбеюде. Кез-келген тәуелділік – емдеуді қажет ететін теріс құбылыс екенін айтады ересектер мен балаларға медициналық, психотерапевтік, психологиялық көмек көрсету және қолдау орталығының мамандары, деп хабарлайды Ақмола облысындағы BAQ.KZ тілшісі.**

Құмар ойыншыны қалай тануға болады? Бұл бәріне таныс маскүнем не орынсыз мінез-құлқы бар нашақор емес қой. Қан анализі де ойынға тәуелділікті көрсетпейді. Орталықтың негізін қалаушы, психотерапевт Альмира Кәрібаева мұндай сұрақ жиі қойылатынын айтады.

«Жауап біржақты: «бірден тану мүмкін емес». Әсіресе тәуелділіктің алғашқы кезеңдерінде анықтау қиынға соғады. Тек ойыншының әрекеттерінің салдары: қарыздар, ұрлық, өтірік бойынша ғана анықталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы құмар ойындарына тәуелділік психикалық дерт екенін бұрыннан ресми түрде мойындады. Ол аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесіне қосылды. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибе құмар ойындардың нашақорлық, токсикомания және алкоголизммен қатар эмоционалды тәуелділік екенін растайды», - дейді психотерапевт.

Ол атап өткендей, АҚШ-тың құмар ойындары проблемалары бойынша ұлттық қауымдастығының зерттеулері әлемдегі кез-келген тұрғынның 6% қылмыстық құқық бұзушы, 34% маскүнемдік, 32% нашақор және 48% құмар ойыншы болу мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

«Сарапшылардың пікірінше, ойынға тәуелділік героинге қарағанда күшті. Қанша қазақстандық қазірдің өзінде «құмар ойындарға патологиялық тәуелділікті» бастан кешуде? Деп басып айту қиын. ДДҰ-ның бағалауы бойынша, әлемде 350 миллион адам құмар ойындарынан зардап шегеді. Канадада 15 жастан асқан жасөспірімдердің 2%-ы, Жапонияда азаматтардың 3,6% - ы құмар ойындарға тәуелді», - деп түсіндірді психотерапевт.

Неліктен бір отбасында тәрбиеленген, бір ортада өмір сүретін балалар әртүрлі болып өседі деген сұраққа нақты жауап та жоқ.

«Жасырары жоқ, мемлекеттік наркологиялық орталықта алғаш жұмыс істеген кезде, мұндағы пациенттер қоғамның осал топтарынан шыққан адамдар деп ойлайтынмын. Тәжірибе барысында отбасының материалдық байлығы, ата-анасының әлеуметтік мәртебесі, тәуелді адамның білім деңгейі еш рөл атқармайтындығына көзім жетті. Пациенттердің дені жоғары білімі бар, бірнеше тіл білетін, беделді мамандықтары, өз бизнесі бар және соған қарамастан тәуелділігін мойындаған және мамандардың көмегінсіз одан құтылуды білмейтін адамдар», - дейді психотерапевт.

Орталықты құрушылардың бірі Дмитрий Гармаш есірткімен жиырма жылға жуық уақыт есірткі тәуелділігінен құтыла алмағанын айтады.

«Анам ағам екеуімізді жалғыз өсірді. Біз Текеліде тұрдық. 90-шы жылдары нашақорлық, бандиттік топтар қалыпты жағдай болды. Анашаны 15 жасымнан, героинді 17 жасымнан қолдандым. Мен бұл тәуелділіктен құтыла алдым. Отбасым мен үшін ұзақ күресті. Бірде анам: «Мен сені көргім келмейді. Саған соңғы мүмкіндік береміз» деді. Алматыға емделуге жіберді. Бірақ бұл алғашқы әрекет емес еді. Мен ол жерден қашан шығатынымды және есірткіге қайта бас қоятынымды білдім. 37 жаста едім. Мені 12 сатылы бағдарлама құтқарды. Өзгелер сияқты өмір сүргім келді. Сегіз жылдан бері есірткі қолданған емеспін», - деп бөлісті ол.

Әзірге әлемнің бірде-бір елінде бұл проблеманы жою мүмкін болмай тұр.

«Елде атқарылып жатқан жұмыстар профилактикалық сипатқа ғана ие. Егер проблема туындаса тек кәсіби мамандарға жүгінуге кеңес беремін. Психотерапиялық бағдарламадағы емдеу әдісі бойынша Кәрібаева.







Мектеп №19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектеп.
Қатысушылар: Мектеп ұстаздары,9-11 сынып оқушылары
Мерзімі:15.02.2024

Оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу орны: думан залы .
Тақырыбы:**Боздақтарды ұмытпау борышымыз.**

| | |
|---|---|
| Мақсаты:Оқушыларды патриоттық тәрбиеге тәрбиелеу. Міндеттері:Оқушыларды ауған соғысындағы боздақтарды ұмытпауға тәрбиелеу,еске алу. | Ресурстары:Видеороликтер. Фотолар<br>Спорт ойындары. |
| Ауған соғынан шыққанына 35 жыл болғанына байланысты іс –шара өткізілді. | Талдау.<br>Дұрыс әрекет қиянат жасамау,сүйіспеншілік құндылықтарын негізге алып,оқушыларды бір- бірін құрметтеуге,сыйлауға,үлкенге ізет,кішіге құрмет қағидаларын ұстанып,бір-біріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. |
| Іс – шараны өткізудің жоспары:<br>1.Мектеп әкімшілігі<br>2.Мектеп ұстаздары<br>9<br>-11 сынып аралығында оқушылар түгелмен қатысып боздақтарды бір сәтке естеріне алды.<br>Іс-шара өз деңгейінде өтілді. | |

Тәрбие ісі жөніндегі: Қ.Налиев

Әскери жетекші: Б. Азимбетов





КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ Б. МАЙЛИНА » ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

Алпамыс батыр ауылы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел: 7-81-26

Алпамыс батыр ауылы, Б. Майлин көшесі, №50
Тел: 7-81-26

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

29.02.24 № 49 н/б

1- Наурыз «Алғыс айту күні»
мерекесін өтізу туралы

Келес ауданының білім бөлімі, Түркістан облысы білім басқармасының 01.02.2024 жылғы №25/635санды хатын орындау мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепте «1- Наурыз Алғыс айту күні» мерексінің іс-шарасын жасап,бекіттіру аға тәлімгер Т.Имамбердиевке жүктелсін.
2. 1- Наурыз Алғыс айту күніне 1-11 сыныптарда «Алғыста шек болмайды» тақырыбында тәрбие сағаттар ұйымдастырылсын.
3. Елімізде төтенше жағдайлар орын алған кезде ерлік көрсеткен әскерилер мен құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау, қоғамдық ұйымдар коммуналдық қызмет, еріктілер және БАҚ өкілдеріне алғыс білдіруді ұйымдастыру ұйымдастырушы педагог Ж. Алимбековке жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М. Бижигитоваға жүктеймін, бақылау мен басшылық жасауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры: К.Оралова

«Алғыс айту күні» Үлкенге құрмет-кішіге ізет.





КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ Б. МАЙЛИНА » ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

БҰЙРЫҚ
06.03.24

ПРИКАЗ
№ 54 н/қ

«Мектепте **«Халықаралық әйел-қыздар күні»»**

мерекесін атап өту туралы»

Оқушылар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әйел-қыздарды, үлкендерді құрметтеу және сыйластық қарым-қатынасты нығайту және құрмет көрсету мақсатында
**Бұйырамын :**

1. 07- наурыз күні мектепте «Халықаралық әйел-қыздар күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын. Осыған байланысты қажетті іс-шара жоспарын жасап бекіттіру және сапалы түрде ұйымдастыру ұйымдастырушы педагог Ж. Әлимбеков пен аға тәлімгер Т. Имамбердиевке жүктелсін

2. Мерекелік іс-шара өтетін аланды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары М. Зулпиевке жүктелсін.

3.Мерекелік іс-шара өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:

1) Азимбетов Бауыржан –алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі
2) Байбатыров Ғабит-құқық пәні мұғалімі
3) Қожабай Темір-матиматика пәні мұғалімі
4) Жораев Нұрбол-тарих пәні мұғалімі

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін

Мектеп директоры: К. Оралова

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Ж.Оралова

№19 Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Халықаралық әйел-қыздар күні» мерекесін атап өткізу үшін жасалған іс-шара жоспары.

2023-2024 оқу жылы.

| Қ.с | Атқарылатын жұмыстар | Мерзімі | Атқарушылар мен жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру кезеңі | 13.00 | Ж.Алимбеков |
| 2 | Мерекелік жиналысты ашу | 13.20 | Мек.дирекциясы |
| 3 | Қ.Р әнұранын орындау | 13.25 | Оқушылар |
| 4 | Концертік қойылымдар | 13.30 | С.Сұлтанава |
| 5 | Мерекелік құттықтаулар | 13.50 | Мек.дир.кәс.од.ата-аналар |
| 6 | Мерекелік іс-шараны жабу | 14.00 | Мек.дирекциясы |

Түзген аға тәлімгер: Т. Имамбердиев

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

К. Оралова

07.03.2024ж

# №19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекетті мекемесінде

# 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінің сценарий

2023-2024 оқу жылы

## 8-НАУРЫЗ

**1-Жүргізуші**: Армысыздар, аяулы аналар,құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар!!!Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті.Бұл-бір қолыменбесікті,екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі.

**2-жүргізуші**: Қош келдіңіздер, құрметті аналар мен мектебіміздің ұстаз. Қыздары! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын!Сіздерге сарқылмайтын денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!Осы күні өздеріңізге бағытталған тілекетер періштенің құлағына шалынсын.Әрдайым біздердің жанымызда жүре беріңіздер!

**1-жүргізуші**: Барша ана құтты болсын мерекеңіз
Әрқашан ана сізбен берекеміз
Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңесеміз;-дей отыра жігіттеріміздің жүрекжарды тілектерін ұсынады.

---

**2-жүргізуші**: Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек,
Тұрғандай өзі қимылсыз билеп
Иықтан шашып төгіліп жерге
Күмісті шашбау төгіліп жерге :-деп ақын ағаларымыз жырлағандай келесі кезекті мың бұралған бишілерге береміз.

---

**1-жүргізуші**: «Әйелдер адамды бесігімен баулиды...Өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады» деген екен орыс жазушысы Пирагов.

**2-жүргізуші**: Орыс жазушысы Максим Горький: «Адамдар әрқашан өз аналарының перзенттері.Ана болмаса ақын да, батыр да болмайды.»-деген

**1-жүргізші**. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) айтқан: «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп.Ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді.Егер де бір үйде қыз бала дүниеге келсе, береке, молшылық бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі дейді.

**2-жүргізуші**: Талай ренжітсекте еркелігімізді көтеріп, туған анамыздай маңдайымыздан сипай білген ұстаздарымызға айтар алғысымыз шексіз.Олардың еңбегі ұлан ғасыр мұхитпен тең.
**1-жүргізуші**: Ал ендігі кезекте

---


AI QUAD CAMERA



# «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІ»

(Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы туралы)

Өткізген: Жолдасова Ш.Т

Сыныбы: 9

Тақырыбы: «Ұлы Даланың мұрагерлері»

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға 2018 жылдың қараша айында жарияланған Елбасымыздың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын оқушыларға түсіндіру, талдау. Оқушыларға өз тілін, елін сүйе білуге, елдің мықты тірегінің бірі тіл екендігін дәріптеу. Біздің кеудемізде жүрегіміз соғып тұрғанда, тілімізді өшірмейтін халық екенімізді мақтан ете отырып, Отансүйгіштік, патриоттық ұрпақ бола білуге баулу. Қазақ елі, Мәңгілік Ел, Ұлы Дала елі деген киелі ұғымдар уақыт көшімен қилы дәуірді бастан өткерген халқымыздың өткені мен бүгінгі хал-күйінен хабар беретіндей.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, Елбасының кітаптарынан көрме, Ана тілі газетінің Елбасының мақаласы шыққан нөмірі.

## САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

1 бөлім

М: «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын оқушыларға түсіндіру, талдау. (слайд)

Жазба «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы. Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Президент бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазылған. Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек. Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар екендігін Елбасы тілге тиек еткен. 1. АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

## 2.ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯ

**Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтыңжаңакезеңінежолашып, адамзатдамуыныңбарысынтүбегейліөзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай**

қазақжері – металлургия пайдаболғаналғашқыорталықтардыңбірі. Ежелгізаманда-ақҚазақстанныңОрталық, Солтүстік жәнеШығысаймақтарында тау-кенөндірісініңошақтарыпайдаболып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпаларыалынабастады. Ата-бабаларымызжаңа, негұрлымберікметалдарөндіруісіндамытып, олардыңжеделтехнологиялықілгерілеуінежолашты. Қазбажұмыстарыбарысындатабылған металл қорытатынпештер мен қолданжасалғанәшекейбұйымдары, ежелгідәуірдіңтұрмыстықзаттары мен қару-жарақтарыбұлтуралытереңнен сыр шертеді. Осыныңбәріежелгізамандардабіздіңжерімiздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

3.АҢ СТИЛІ

Біздіңата-бабаларымызқоршағанортаменетене өмір сүріп, өздерінтабиғаттыңажырамасбөлшегісанаған. БұлбастытұрмысқағидатыҰлыдаланымекендегенхалықтардыңдүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өзжазуы мен мифологиясы бар Қазақстанныңежелгітұрғындарыныңозықмәдениетіболды. Олардың мұрасының жарқынкөрінісі, көркемболмысы мен руханибайлығыныңайшықтыбелгісі – «аңстилі» өнері. Жануарларбейнесінтұрмыстапайдалануадам мен табиғаттыңөзарабайланысыныңсимволынабаланып, көшпенділердіңрухани бағдарын айқындап отырған. Оларжырткыштардың, негізіненмысықтұқымдасаңдардыңсуретінкөбірекқолданған.

4.АЛТЫН АДАМ

Біздің түп-тамырымызға жаңашакөзқараспенқарауғажолашып, әлемдікғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылыҚазақстанныңЕсікқорғанынантабылған, өнертанушығалымдарарасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқаиеболған «Алтын адам». Бұлжауынгерталайтылсымқұпияныңбетінашты. Біздіңбабаларымызәлікүнгедейінөзініңасқанкөркемдігіментамсандыратын аса жоғарыдеңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердіңалтынменапталғанкиімдеріежелгішеберлердің алтын өңдеутехникасынжақсыменгергенінаңғартады.

5.ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарыныңтарихындаАлтайдыңаларорныерекше. ОсынауасқартауларғасырларбойыҚазақстанжерініңтәжіғанаемес, күллітүркіәлемініңбесігісаналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шеніндеТүркідүниесіпайдаболып, Ұлы дала төсіндежаңакезеңбасталды. Тарих пен география түркімемлекеттері мен ұлыкөшпенділеримперияларысабақтастығыныңайрықшамоделін қалыптастырды. Бұлмемлекеттерұзақуақытбойыбірін-біріалмастырып, орта

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№19 Б. МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №19 ИМЕНИ Б. МАЙЛИНА » ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

Алдашкас батыр ауылы, Б. Майлин көшесі, №33
Тел: 7-81-26

Алдашкас батыр ауылы, Б. Майлин көшесі, №33
Тел: 7-81-26

БҰЙРЫҚ
11. 04. 24ж

ПРИКАЗ
№ 72 н/б

«Мектепте **«12 сәуір Ғарышкерлер күні»»**

мерекесін атап өту туралы»

Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу ,Қазақ ғарышкерлерінің ерліктерң мен жетістіктерімен таныстыру, дәріптеу , Ғарышкерлер күнін жоғары дәрежеде атап өту мақсатында **Бұйырамын** :

1. 12- сәуір күні мектепте **«12 сәуір Ғарышкерлер күні»** мерекесіне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылсын. Осыған байланысты қажетті іс-шара жоспар жасалынып,бекіттірілсі

2. Мерекелік іс-шара өтетін алаңды безендіру, электрмен қамтамасыз ету жұмыстары директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары О.Сарыпбекке жүктелсін.

3.Мерекелік іс-шара өтетін мезгілде оқушылардың тәртібін қадағалау барлық сынып жетекшілерге, жалпы тәртіпті қадағалау төмендегі мұғалімдерге жүктелсін:

1.)Азимбетов Бауыржан –алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі
2.)Байбатыров Ғабит-құқық пәні мұғалімі
3.)Қожабай Темір-матиматика пәні мұғалімі

4.)Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары Қ.Палиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін

Мектеп директоры: К. Оралова

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
К.Орлова

№19 Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «12- сәуір Ғарышкерлер күні» мерекесін атап өткізу үшін жасалған іс-шара жоспары.

2023-2024 оқу жылы.

| № | Атқарылатын жұмыстар | Мерзімі | Атқарушылар мен жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру кезеңі | 13.00 | Т. Имамбердиев |
| 2 | Мерекелік жиналысты ашу | 13.10 | Мек.дирекциясы |
| 3 | Концертік қойылымдар | 13.15 | С.Сұлтанова |
| 4 | Мерекелік құттықтаулар | 13.50 | Мек.дир.ұлағатты ұстаздар |
| 5 | Мерекелік іс-шараны жабу | 14.00 | Мек.дирекциясы |

Түген аға тәлімгер : Т.Имамбердиев

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

К.Оралова

12.04.2024ж

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекетті мекемесінде**

**«12 –сәуір Ғарышкерлер күні» мерекесінің сценариі**

**2023-2024 оқу жылы**


Мерекелеріңіз құтты болсь
2-сәуір -Ғарышкерлер күні


Мерекелеріңіз құтты болсын!
12-сәуір -Ғарышкерлер күні

**Тексерілді.** **т.і.ж.о Қ Нашев**

# «Ұмыт болған ұлттық тағамдары »

Сынып жетекші: Лесбекова Г

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сынып жетекшінің аты-жөні | | Лесбекова Г | |
| Күні: 01.04.2024ж | | | |
| Сынып 7 « а» | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: |
| Сынып сағатының тақырыбы | | Қазақтың ұлттық тағамдары | |
| Тәрбие жұмысының бағыты | | | |
| Мақсаты | | **Оқушылардың бойына ұлттық сезім қалыптастыру. Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшелігі мен құндылығын бағалауға,қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.Тағамдардың жасалу жолдарынан түсінік беру.** | |
| Бағалау критерийлері: | | | |

**Тәрбие сағатының барысы**

| Барысы | Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|---|
| Кіріспе 10 мин | Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз ерекше. Бізге бүгін кімдер келіп отыр?(қонақ)<br>Дұрыс айтасыңдар, сондықтан өзімізді жақсы жағынан көрсете білейік.<br>- Олай болса, балалар, қазақ халқы қонақты қалай сыйлаған?<br>Көрпесін салып, төрге шығарған, ашық қабақ танытқан. Дастарқанын жайып, дәм татырған. Қазақ халқы қонақжай. Қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған. Атам қазақ кімді болса да «астан үлкен емессің» деп дастарқанға шақырған. Жалпы ұлтымыздың мәдениетінде дастарқан-тәлім тәрбиелік қызмет атқарған. Ел мен елді татуластыру, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу, өздерінің үлгілі, өнегелі қасиеттерін, елдің дәулетін, түсінігін қазақ кең дастарқан арқылы көрсете білген. | |
| Негізгі бөлім 25 мин | 1.Сүттен жасалатын ұлттық тағам.Бұл сөздің мағынасы құрғатылған,кептірілген сүт деген мағына береді.<br>2. Қазыны қай малдың етінен жасайды?<br>3. Бір сусын бар жұртымда,Ішсең уыз ұртыңда. Бәрі содан шығады,Ірімшік,май,құртың да.<br>4. Сұйық сусын құятын ыдыс.<br>5. Жас төлдеген малдың алғашқы 2-3 күнгі қою сүті.<br>6. Жылқының етінен жасалатын тағам.<br>7. Қуырылған бидайды,тарыны ұнтақтап не дайындайды?<br>8. Ас атасы.<br>9. Жаңа сойылған ұсақ малдың етін,майын,бауырын,жүрегін,өкпесін ұсақтап турап, жуа,ұн,тұз қосып,қарынға немесе бүйенге салып,аузын буып,етпен бірге пісірілетін тағам қалай аталады?<br>10.Сүттен алынатын тағам. | |




«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»